

А.К. Есенғазиева<sup>1</sup> , С.Е. Ермұхаметова<sup>2\*</sup> ,  
А.Р. Құттығалиева<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

\*e-mail: saulehan11r@mail.ru

## БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАР

Мақалада жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы жағдайында баланың құқықтарын қорғауға қатысты құқықтық қырлар жан-жақты қарастырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы кәмелетке толмаған тұлғалардың құқықтық мәртебесі – атап айтқанда, құқықабілеттілік, әрекетқабілеттілік және баланың субъективтік құқықтары мәселелері – терең талдауға алынады.

Балалардың құқықтарын қорғауға арналған институционалдық тетіктерге де назар аударылады. Олардың қатарына сот арқылы қорғану мүмкіндіктері, Балалар құқықтары жөніндегі уәкілетті органның қызметі мен халықаралық бақылау тетіктері жатады. Әсіресе цифрлық дәуірдің жаңа құқықтық сын-тегеуріндері айрықша мәнге ие: кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты дербес деректерді жинау мен өңдеу, алгоритмдерге негізделген кемсітушілік тәуекелі, мақсатты жарнамалар арқылы ықпал ету сынды өзекті мәселелер көтерілуде.

Сондай-ақ мақалада халықаралық стандарттар мен ұлттық заңнаманың салыстырмалы талдауы жүргізіледі. Атап айтқанда, балалардың деректерін қорғауға арналған Еуропалық Одақтың Жалпы деректерді қорғау регламенті (GDPR), 108+ Конвенциясы және ЕО-ның жасанды интеллектке қатысты регламенттерімен салыстырылады. Осы орайда Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашада қабылданған «Жасанды интеллект туралы» жаңа Заңының мазмұны зерделеніп, оның қорғалуы қажет тұлғалар тобына қатысты баптарына ерекше назар аударылады.

Цифрлық ортада балалардың құқықтарын тиімді қорғау үшін құқықтық реттеуді жетілдіру жолдары ұсынылады. Бұл ұсыныстар БҰҰ Балалар құқықтары жөніндегі комитетінің № 25 Жалпы ескертпесінің ұсынымдары негізінде жасалған.

**Түйін сөздер:** бала құқықтары, жасанды интеллект, дербес деректер, цифрлық құқықтар, кәмелетке толмағандар, құқықтық қорғау, GDPR, Бала құқықтары туралы конвенция, Жасанды интеллект туралы заң.

A.K. Yessengaziyeva<sup>1</sup>, S.R. Yermukhametova<sup>2\*</sup>, A.R. Kuttygaliyeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Taldyqorghan, Kazakhstan

\*e-mail: saulehan11r@mail.ru

### Protection of children's rights in the era of artificial intelligence: legal challenges and regulatory prospects in the Republic of Kazakhstan

The article examines in detail the legal aspects of protecting the rights of the child in the context of the intensive development of artificial intelligence technologies. The legal status of minors in the legislation of the Republic of Kazakhstan – in particular, issues of legal capacity, legal capacity and subjective rights of the child – is undergoing in-depth analysis.

Attention is also paid to institutional mechanisms for the protection of children's rights. These include the possibilities of judicial protection, the activities of the authorized body for the rights of the child and the mechanisms of international control. Of particular importance are the new legal challenges of the digital age: such urgent issues as the collection and processing of personal data, the risk of discrimination based on algorithms, and exposure through targeted advertising are being raised in relation

The article also provides a comparative analysis of international standards and national legislation. In particular, the European Union's General Regulation on the Protection of Children's Data (GDPR), Convention 108+ and the EU Regulation on Artificial Intelligence are being compared. In this regard, the content of the new Law of the Republic of Kazakhstan "On Artificial Intelligence", adopted on November 17, 2025, is being studied, and special attention is being paid to its articles related to the group of persons in need of protection.

Ways to improve legal regulation will be proposed to effectively protect children's rights in the digital environment. These recommendations were made based on the recommendations of the general reservation No. 25 of the UN Committee on the Rights of the Child.

**Keywords:** children's rights, artificial intelligence, personal data, digital rights, minors, legal protection, GDPR, Convention on the Rights of the Child, AI Act.

А.К. Есенғазиева<sup>1</sup>, С.Е. Ермухаметова<sup>2\*</sup>, А.Р. Куттығалиева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

\*e-mail: saulehan11r@mail.ru

### Защита прав ребенка в эпоху искусственного интеллекта: правовые вызовы и перспективы регулирования в Республике Казахстан

В статье подробно рассматриваются правовые аспекты защиты прав ребенка в условиях интенсивного развития технологий искусственного интеллекта. Правовой статус несовершеннолетних лиц в законодательстве Республики Казахстан – в частности, вопросы правоспособности, дееспособности и субъективных прав ребенка – подвергается глубокому анализу.

Также уделяется внимание институциональным механизмам защиты прав детей. К ним относятся возможности судебной защиты, деятельность уполномоченного органа по правам ребенка и механизмы международного контроля. Особое значение имеют новые правовые вызовы цифровой эпохи: в отношении несовершеннолетних лиц поднимаются такие актуальные вопросы, как сбор и обработка персональных данных, риск дискриминации на основе алгоритмов, воздействие через таргетированную рекламу.

Также в статье проводится сравнительный анализ международных стандартов и национального законодательства. В частности, Общий регламент Европейского Союза по защите данных детей (GDPR), Конвенция 108+ и регламент ЕС по искусственному интеллекту сравниваются. В этой связи изучается содержание нового Закона Республики Казахстан «Об искусственном интеллекте», принятого 17 ноября 2025 года, и особое внимание уделяется его статьям, относящимся к группе лиц, нуждающихся в защите.

Для эффективной защиты прав детей в цифровой среде будут предложены пути совершенствования правового регулирования. Эти рекомендации были сделаны на основе рекомендаций общей оговорки № 25 Комитета ООН по правам ребенка.

**Ключевые слова:** права ребенка, искусственный интеллект, персональные данные, цифровые права, несовершеннолетние, правовая защита, GDPR, Конвенция о правах ребенка, Закон об ИИ.

### Кіріспе

Жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы қоғам өмірінің барлық салаларына елеулі өзгерістер әкеліп, бұрын-сонды болмаған мүмкіндіктерді ашуда. Алайда бұл үдеріс жаңа құқықтық міндеттер мен күрделі реттеу қажеттіліктерін де қатар туындатып отыр. Осындай жағдайда балалардың ахуалы ерекше назар аударуға тұрарлық. Олар заманауи цифрлық құралдардың белсенді қолданушыларына айналып үлгергенімен, құқықтық қатынастардағы өз мүдделерін толыққанды қорғай алатындай қабілетке жете қоймаған. Цифрлық кеңістіктегі өз құқықтары мен еркіндіктерін сақтап қалу мәселесі олардың даму ерекшелігімен және тәжіри-

белік білімінің шектеулігімен тығыз байланысты. Жаңа технологиялармен бірге келген ықпал ауқымының кеңдігі балаларды бұрын болмаған ортаға тап қылып отыр, ал бұл ортада қауіпсіздік пен сенімділік талаптары жаңаша сипат алады.

ЮНИСЕФ деректеріне сүйенсек, интернетті пайдаланушылардың әр үшіншісі – бала (<https://www.unicef.org>). Бұл ретте жасанды интеллект жүйелері білім беру ұйымдарында, денсаулық сақтау саласында, әлеуметтік желілер мен ойынсауық платформаларында барған сайын кеңінен қолданылып, кәмелетке толмағандармен тікелей байланысқа түсіп отыр. Рекомендативтік жүйелердің алгоритмдері баланың ақпараттық кеңістігін қалыптастырып, жеке жарнамалар тұтынушылық таңдауларына ықпал етеді. Ал про-

филизация технологиялары балаларға қатысты жеке деректердің көлемді жиынтықтарын жинақтауға негізделген (Charisi, V., Chaudron, S., Di Gioia, R., et al., 2022). Бұл үдеріс баланың күнделікті сандық тәжірибесіне терең еніп, оның цифрлық ортамен өзара әрекеттесуінің құрылымын айқындайды.

Қазақстан Республикасы жасанды интеллект технологияларын құқықтық тұрғыдан реттеу бағыты бойынша елеулі қадамдар жасады. 2025 жылғы 17 қарашада қабылданған «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бұл салада кешенді заң қабылдаған әлемдегі екінші ел ретінде Қазақстанның мәртебесін айқындады (<https://adilet.zan.kz/>). Құжат 2026 жылғы 18 қаңтарда күшіне енді және онда халықтың қорғалуы қажет топтарының, соның ішінде балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ережелер қамтылған. Бұл заңда цифрлық технологиялармен өзара әрекеттесуде туындайтын тәуекелдерді азайту және жеке деректердің қорғалуын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылған.

Сонымен қатар, шешімін таппаған бірқатар өзекті мәселелер өзектілігін жойған жоқ. Бала құқықтарын қорғаудың дәстүрлі институттарын цифрлық дәуір талаптарына бейімдеудің тиімді жолы қандай болмақ? Жеке деректерді қорғауға қатысты ұлттық заңнамалық нормалар мен балалардың цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қамтамасыз етуге арналған халықаралық стандарттар арасында қандай үйлесімділік бар? Жасанды интеллект жүйелерімен өзара әрекеттесу барысында кәмілетке толмағандардың құқықтарын нақты әрі пәрменді қорғауға мүмкіндік беретін құқықтық тетіктер қандай болуы қажет?

Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы бала құқықтарын қорғаудың құқықтық негіздерін жасанды интеллект технологияларының даму контекстінде жан-жақты талдау, қолданыстағы құқықтық реттеудегі олқылықтарды анықтау және оларды еңсеруге бағытталған ұсыныстарды ұсыну болып табылады. Зерттеудің әдіснамалық базасын салыстырмалы-құқықтық, формальді-құқықтық және жүйелі-құрылымдық ғылыми таным әдістері құрайды.

### Әдебиеттік шолу

Цифрлық технологиялар аясында бала құқықтарын қорғау мәселесі қазіргі таңда әлемдік ғылыми қауымдастықтың ерекше назарын аударып отыр. Алайда бала құқығы мен жасанды

интеллектті құқықтық реттеу тоғысындағы зерттеулер өз дамуының бастапқы кезеңінде тұрғаны байқалады. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер шетелдік әдебиетте біртіндеп қалыптасып келе жатқанымен, Қазақстан құқықтану ғылымында аталмыш тақырып жүйелі түрде зерделенбеген және арнайы ғылыми талдаулардың шектеулігі байқалады.

Бала құқық субъектісі ретінде жеке заңдық мәртебеге ие бола алатынына негіз болатын іргелі қағидаттар цифрлық дәуірге дейін-ақ қалыптасқан. 1989 жылғы Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының қабылдануы баланы қамқорлық нысаны ретінде ғана қарастыратын патерналистік көзқарастан бас тартып, оның дербес құқық иесі ретіндегі мәртебесін мойындауға негізделген құқықтық парадигмаға көшуге жол ашты (<https://www.ohchr.org/>).

Қазақстандық құқықтық доктринада бұл көзқарас Конвенция ережелерінің ұлттық заңнамаға енгізілуіне арналған ғылыми еңбектерде көрініс тапты. Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық» сериясымен жарық көрген ғылыми басылымында кәмілетке толмағандардың азаматтық және іс жүргізу қабілеттілігіне қатысты өлшемдерді қоса алғанда, балалардың құқықтарын қорғауға арналған халықаралық актілердің Қазақстандағы ювеналды әділет жүйесінде жүзеге асырылуы жан-жақты сараланған (Bogatyreva, L., Taitorina, B., & Abdukarimova, Z., 2019).

Кәмілетке толмағандардың құқық субъектілігіне қатысты мәселелер қазақстандық құқықтық ғылымда бірқатар отандық зерттеушілердің еңбектерінде талданған. КАСУ хабаршысында жарияланған зерттеуде кәмілетке толмаған балалардың негізгі құқықтары мен заңнамалық тәсілдің эволюциясы қарастырылған. Атап айтқанда, балаларды құқықтық қатынастарда тек ата-аналар тұрғысынан бағалаудан, оларды дербес құқық иелері ретінде тануға көшу үдерісі ғылыми тұрғыда сипатталған (<https://www.vestnik-kafu.info/>).

Сонымен қатар баланың құқық қабілеттілігінің жекелеген қырлары, соның ішінде оның пайда болу сәті, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы өмір сүру құқығына арналған мақалада арнайы зерттеу нысанына алынған. Аталған еңбек әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Құқықтану» сериясымен жарық көрген ғылыми басылымда жарияланған (Dautbayeva-Mukhtarova, A., 2019).

Балалардың цифрлық құқықтарына қатысты халықаралық ғылыми дискурсқа серпін берген маңызды құжаттардың бірі – БҰҰ Балалар құқықтары жөніндегі комитетінің №25 (2021) Жалпы тәртіптегі ескертпесінің қабылдануы болды. Бұл құжатқа арналған Ayalew, Verdoordt және Lievens (2024) авторлығындағы зерттеуде африкалық аймақтық контекст тұрғысынан талдау жүргізіліп, ұсыныстардың әмбебап сипаты мен олардың өңірлік ерекшеліктері айқындалған (Ayalew and et all, 2024).

Зерттеу авторлары №25 Ескертпе жаңа парадигманың бастамасы екенін атап өтеді. Ендігі жерде цифрлық орта жеке бір сала ретінде емес, баланың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес, цифрлық құқықтарды баланың құқықтық қорғалуына қатысты барлық аспектілерге кешенді түрде енгізу қажеттілігі туындайды.

Жасанды интеллект пен бала құқықтарының өзара байланысын түсінуге елеулі үлес қосқан еңбектердің бірі – Charisi, Chaudron, Di Gioia және Еуропалық комиссияның Біріккен зерттеу орталығы (JRC) қызметкерлерінің 2022 жылғы зерттеуі. Бұл еңбекте балалар құқығы, жасанды интеллект этикасы және цифрлық реттеу салаларын біріктіретін кешенді зерттеу және саясат күн тәртібі ұсынылған. Зерттеу авторлары бірнеше негізгі қауіп аймағын айқындаған: балаларға қатысты алгоритмдік профилизацияның күшеюі, жасанды интеллекті білім беру саласында әсерін тиісті бағалаусыз қолдану және цифрлық өнімдердің манипулятивті дизайны.

Lievens, Verdoordt, Brison және Milkait (2018) авторлығындағы ұжымдық монографияда, Kilkelly мен Liefwaard редакциясымен жарық көрген еңбекте, цифрлық технологиялар контекстінде бала құқықтарына қатысты көзқарастар жүйеленген (Lievens and et all, 2018).

Зерттеушілер цифрлық сервистерді жобалау және реттеу барысында баланың мүддесін барынша қамтамасыз ету қағидатын қолданудың маңызын негіздей отырып, «rights by design» тұжырымдамасын ұсынған. Бұл тәсіл – баланың құқықтарын цифрлық жүйелердің құрылымдық архитектурасына бастапқы кезеңінен бастап енгізуді көздейді.

Алан Тьюринг институтының зерттеушілері Mahomed, Veale және Binns (2025) жүргізген соңғы ғылыми жұмыста жасанды интеллектті трансүлттық деңгейде басқарудың баланың құқықтары мен әл-ауқатына әсері кеңінен қарастырылады (Mahomed, S., Veale, M., & Binns,

2025). Зерттеу авторлары қазіргі реттеу тетіктерінің бытыраңқылығына назар аудара отырып, түрлі елдер мен құқықтық жүйелер арасындағы үйлестірудің қажеттілігін негіздейді.

Аталған жұмыстың ерекше назар аударарлық тұсы – балалық шақтағы алгоритмдік қадағалау мен сандық бейін қалыптастырудың ұзақ мерзімді салдарына қатысты пайым. Ғалымдардың айтуынша, ерте жастан басталған цифрлық профильдеу мен деректерге негізделген шешімдер адамның бүкіл өміріне әсер етуі мүмкін. Бұл құбылыс жинақталып әсер ететін сипатта, яғни бастапқы кезеңдегі ұсақ көрінетін ықпалдар уақыт өте келе әлдеқайда күрделене түсіп, жеке тұлғаның дамуына терең із қалдыруы ықтимал.

Балалардың құқықтарын жасанды интеллектпен өзара әрекеттесу барысында қорғауға арналған тәжірибелік шешімдер қазіргі таңда халықаралық ұйымдардың қатысуымен белсенді түрде әзірленіп келеді. Бұл бағытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) 2025 жылы балаларға арналған жасанды интеллект жөніндегі саясаттық нұсқаулықтың үшінші нұсқасын жарыққа шығарды. Аталған құжат мемлекеттер мен жеке сектор өкілдеріне арналған нақты ұсыныстар мен бағдарларды қамтиды.

Сонымен қатар 2022 жылы Дүниежүзілік экономикалық форум балалардың жасына сай жасанды интеллект жүйелерін бағалауға мүмкіндік беретін құрылымдық тәсіл мен құралдар жиынтығын ұсынды (World Economic Forum, 2022). Бұл бастамалар жасанды интеллекттің балалар өміріндегі орнына тереңірек үңіліп, оны ескеруге бағытталған.

Wang, Zhao, Van Kleek және Shadbolt (2022) СНІ конференциясында ұсынған еңбекте балаларға бағдарланған жасанды интеллект қағидаттары мен тәжірибелері эмпириялық тұрғыда талданған (Wang and et all, 2022). Бұл зерттеу мәлімделген стандарттар мен олардың нақты іске асырылуы арасындағы айтарлықтай алшақтықты айқындайды. Теория мен практика арасындағы бұл айырма – жасанды интеллектті қолдануда шынайы тиімділік пен әділеттілікке қол жеткізудің маңызды көрсеткіші.

Балаларға қатысты дербес деректерді қорғау саласында шешуші рөлге ие құжат – Еуропалық Одақтың Жалпы деректерді қорғау регламентінің (GDPR) 8-бабы. Бұл бап көптеген елдердің құқықтық тәжірибесіне үлгі ретінде алынып, көмелетке толмағандардың сандық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Rouvroу мен Poullет (2021) Конвенция 108+ құжатын жаңартылған нұсқада талдай отырып, оның осал топтардың, соның ішінде балалардың деректерін қорғауды күшейтуге арналған әлеуетін көрсетеді. Бұл құжаттың мәні – халықаралық деңгейде деректер қауіпсіздігін нығайтудың құқықтық тетіктерін жетілдіру.

5Rights қоры (2024) Еуропалық Одақтың жасанды интеллект туралы регламентінің балалардың интернеттегі тәжірибесіне әсерін зерттеп, әсіресе білім беру мақсатындағы жасанды интеллект жүйелерінің жоғары қауіп-қатер тобына жатқызылғанын атап өтеді (5Rights Foundation, 2024). Мұндай жүйелердің бала дамуына ықпал ету деңгейі елеулі болғандықтан, ерекше бақылауды талап етеді.

Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар агенттігі (FRA, 2025) жасанды интеллекттің жоғары тәуекелді жүйелерін негізгі құқықтар тұрғысынан бағалауға арналған әдістемені ұсынды (European Union Agency for Fundamental Rights, 2025). Бұл тәсіл балалардың құқықтарын сандық технологиялар шеңберінде сақтаудың нақты және жүйелі жолдарын қарастырады.

Қазақстанда балалардың цифрлық қауіпсіздігіне қатысты зерттеулер негізінен қолданбалы тұрғыда жүргізіліп келеді. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер баланың дербес деректерін өңдеу, реттеу тетіктері мен бақылау жүйелерінің тиімділігіне назар аударады.

Жекшенова (2024) баланың атынан дербес деректерді өңдеуге байланысты қолданыстағы заңнаманы сараптай отырып, осы салада арнайы құқықтық реттеудің жоқтығын және ата-аналық бақылау тетіктерінің әлсіздігін анықтайды (). Бұл жағдай балалардың цифрлық ортадағы қорғалу деңгейіне ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Digital Rights Foundation қоры (2024) балалардың дербес деректері бойынша бірқатар материалдар жариялап, ондағы ақпаратты жалпыға қолжетімді және шектеулі қолжетімділікке ие деректер ретінде топтастырудың маңыздылығын атап өтеді (Digital Rights Foundation, 2024). Сонымен қатар, қор балалардың жеке ақпаратына қатысты нақты қорғаныс механизмдерін қарастырып, тәжірибелік ұсыныстар ұсынады.

Сорос-Қазақстан қоры (Soros Foundation Kazakhstan, 2020) дербес деректерді қорғау жүйесіне жан-жақты талдау жасай отырып, заңнамалық нормалар мен олардың нақты қолданылуы арасындағы алшақтықты көрсетеді. Бұл алшақтық деректер қауіпсіздігін қамтамасыз

етудегі құрылымдық кемшіліктердің бар екенін айғақтайды.

Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау балалар құқығы мен жасанды интеллектті құқықтық реттеу тоғысында дербес зерттеу бағыты қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бұл салада халықаралық деңгейде теориялық және қолданбалы ізденістер белсенді дамып жатқаны байқалады.

Сонымен қатар назар аударарлық жайт – Қазақстанда жасанды интеллект контекстінде балалардың құқықтарын кешенді түрде қарастыратын ғылыми еңбектердің дерлік болмауы. Ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген терең зерттеулердің жоқтығы бұл тақырыптағы маңызды олқылықтардың бірі ретінде қарастырылады.

Осы зерттеу аталған ғылыми кемшілікті өтеуге бағытталған. Оның мақсаты – халықаралық теориялық тұғырларды Қазақстан Республикасының құқықтық өрісімен ұштастыра отырып, 2025 жылы қабылданған «Жасанды интеллект туралы» жаңа Заңды да қамти отырып, ұлттық деңгейде балалар құқықтарының қорғалуын жан-жақты сараптау.

## Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасында баланың құқықтық мәртебесі бірқатар нормативтік-құқықтық актілермен айқындалады. Солардың ішінде жетекші құжат – 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (<https://adilet.zan.kz/>). Бұл заң балалардың құқықтарын қорғаудың негізгі принциптері мен тетіктерін белгілейді.

Аталған Заңның 1-бабына сәйкес, бала деп он сегіз жасқа толмаған адам танылады. Бұл анықтама 1989 жылғы БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының 1-бабында көрсетілген халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді (<https://www.un.org/tu/>).

Сонымен қатар Заң өзінің күшін заңнамада көзделген жағдайларда кәмелетке толғанға дейін толық әрекет қабілеттілікке ие болған балаларға да таратады. Бұл ереже баланың құқықтық мәртебесін нақтылауда құқықтық жүйенің икемділігін және өмірлік жағдайларды ескере алатын қабілетін көрсетеді.

1994 жылғы 8 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Бала құқықтары туралы конвенцияның рати-

фикациялануы (<https://adilet.zan.kz/> ) мемлекет тарапынан балалар құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарын мойындаудың және соларға бейілділіктің айқын көрінісі болды.

Аталған Конвенция баланың құқықтарын қорғауға арналған іргелі қағидаттарды белгілейді. Олардың қатарында: кемсітушілікке жол бермеу (2-бап), баланың мүддесін басты назарда ұстау (3-бап), өмір сүру, тірі қалу және жан-жақты даму құқығы (6-бап), баланың пікіріне құрметпен қарау (12-бап) (Конвенция о правах ребенка, 1989).

Бұл қағидаттар Қазақстанның ұлттық заңнамасына да ықпал етіп, балалардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуде негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 13-бабына сәйкес, азаматтың құқық қабілеттілігі – азаматтық құқықтарға ие болу және міндеттер атқару қабілеті – адамның туған сәтінен бастап пайда болады (Азаматтық кодекстің 13-бабы). Бұл – баланың құқық субъектісі ретіндегі заңдық негізін айқындайтын негізгі қағида.

Алайда кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі ерекше сипатқа ие. Мұндай ерекшелік олардың мүдделерін қорғаудың қосымша шараларын қажет ететіндігімен түсіндіріледі. Яғни, балалар жалпы құқық қабілеттілікке ие болғанымен, олардың нақты әрекет қабілеттілігі шектеулі болып табылады, бұл оларды арнайы құқықтық қорғауды қажет ететін топ ретінде тануға негіз болады.

Қазақстандық зерттеушілер әділ атап өткендей, бала құқықтарына арналған арнайы заң қабылданғанға дейін олардың құқықтары негізінен ата-ана мен бала арасындағы қатынастар тұрғысынан қарастырылып келді. Сол кезеңде балалардың әрекет қабілетсіздігіне байланысты олар дербес құқық субъектісі ретінде емес, ата-аналық қамқорлықтың пассивті нысанасы ретінде қабылданған.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын реттеуге арналған арнайы нормалардың ұлттық заңнамаға енгізілуі – баланы дербес құқық субъектісі ретінде тану жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Бұл өзгерістер баланың құқықтық мәртебесін нақтылап қана қоймай, оны қорғаудың құқықтық негізін де күшейтті.

«Баланың құқықтары туралы» Заңның 4-бабында баланың тең құқықтылық қағидасы бекітілген. Онда әрбір баланың шыққан тегі, нәсілі мен ұлты, әлеуметтік және мүліктік жағдайы, жынысы, тілі, білімі, дініне көзқарасы, тұрғы-

лықты жері, денсаулығының жағдайы немесе өзіне, ата-анасына не заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларына қарамастан тең құқықтарға ие екені нақты көрсетілген. Бұл қағида балалар арасындағы кемсітушіліктің кез келген түрін болдырмауға бағытталған маңызды құқықтық негіз болып табылады.

Бала үшін заңды өкіл болып танылатын тұлғалар қатарына ата-аналар, асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар, сондай-ақ қабылдаушы отбасылардың мүшелері жатады. Олар баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында тиісті заңды өкілеттіктерге ие.

Әрекет қабілеттілік – адамның өз әрекеттері арқылы азаматтық құқықтарға ие болып, өзіне міндеттемелер жүктеу және оларды орындау қабілеті – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттеледі. Бұл ұғым құқықтық қатынастарда адамның белсенді субъект ретіндегі орнын айқындайды.

Заңнамада кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі жас ерекшеліктеріне қарай сараланып беріледі. Мұндай дифференциация баланың жасына, психологиялық және әлеуметтік жетілу деңгейіне сәйкес, құқықтық жауапкершілік пен дербестік деңгейін әділ белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл баланы қорғау мен оның құқықтық дербестігін тең ұстау арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған.

Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар заңнамада ішінара әрекет қабілетті тұлғалар ретінде танылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 22-бабына сәйкес, бұл жас тобына жататын тұлғалар бірқатар азаматтық құқықтарды өз бетінше жүзеге асыруға құқылы.

Атап айтқанда, олар: өзінің еңбегімен тапқан табысын, шәкіртақысын және өзге де кірістерін дербес басқаруға; авторлық құқықтарды жүзеге асыруға; банктерге салымдар орналастыруға және оларды пайдалануына; ұсақ тұрмыстық мәмілелер жасауға құқылы.

Сонымен қатар он алты жасқа толған кәмелетке толмағандар кооператив мүшесі болу құқығына ие. Бұл нормалар жасөспірімдердің құқықтық дербестігін біртіндеп кеңейтуге бағытталған, әрі олардың әлеуметтік өмірге белсенді араласуына құқықтық мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 23-бабына сәйкес, он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмағандар – яғни жас балалар – азаматтық-құқықтық мәмілелерді өз атынан дербес жасай алмайды. Олардың атынан

мәмілелерді тек заңды өкілдері: ата-аналары, асырап алушылары немесе қамқоршылары жүзеге асыра алады.

Дегенмен, заңнамада бір ерекшелік қарастырылған: жас балалар өз бетінше ұсақ тұрмыстық мәмілелер жасай алады. Мұндай мәмілелер – күнделікті өмірде жиі кездесетін, мәні мен салдары қарапайым, сондай-ақ материалдық жағынан елеусіз болып саналатын әрекеттер. Бұл ереже балалардың күнделікті өмірге қатысу дағдыларын қалыптастыру мен құқықтық тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді.

Бұл жүйе цифрлық құқықтық қатынастар аясында елеулі маңызға ие. Бала әлеуметтік желілерге тіркеліп, түрлі қосымшаларды жүктегенде, пайдаланушылық келісімдерге қол қойып не жеке деректерін өңдеуге рұқсат бергенде, мұндай әрекеттердің құқықтық тұрғыдан жарамдылығы туралы мәселе туындайды.

Қазіргі заңнаманың қабілеттілікке қатысты дәстүрлі қағидаттары бұрын мұндай жағдайлар ескерілмеген дәуірде қалыптасқан. Сол себепті олар цифрлық ортадағы шынайы мінез-құлықты толық қамти алмайды.

Lievens, Verdoodt, Brison және Milkaite сынды зерттеушілердің пайымдауынша, қабілеттілікке қойылатын ресми талаптар мен балалардың күнделікті цифрлық әрекеттері арасындағы алшақтық – бүгінгі бала құқықтары саласындағы өзекті түйткілдердің бірі.

«Бала құқықтары туралы» заңда кәметке толмағандардың құқықтары кең ауқымда айқындалған, ал цифрлық дәуірде бұл құқықтар жаңа мәнге ие болуда. Аталған заңның 14-бабында бекітілген баланың ар-намысын және қадір-қасиетін қорғау құқығы – тек дәстүрлі жағдайларды ғана емес, сонымен қатар желі кеңістігіндегі арнамысты қорлайтын әрекеттерден де қорғануды қамтиды.

Жеке өмірге қол сұғу, жала жабу, қорлау сынды әрекеттер интернеттегі кибербуллинг түрінде жиі кездесіп, осы құқықтың өзектілігін айқындай түседі. Цифрлық кеңістікте баланың жеке болмысына қауіп төндіретін осындай құбылыстар құқықтық тұрғыдан жіті назар аударуды қажет етеді.

Сөз бостандығы мен көзқарас еркіндігіне, ар-ождан еркіндігіне құқығы – баланың негізгі құқықтарының бірі ретінде заңда белгіленген (11-бап). Бұл құқық қазіргі таңда цифрлық байланыс құралдары арқылы да жүзеге асуда.

Сонымен қатар заңның 39-бабында кәметке толмағандарға арналған тыйым салынған

ақпаратты қамтитын өнімдердің таралуына қатысты мемлекеттік бақылау көзделген. Мұндай бақылау жүйесі балаларды зиянды мазмұннан қорғауға бағытталған және олардың цифрлық ортада қауіпсіз әрекет етуіне құқықтық негіз қалыптастырады.

Бала құқығы жүйесінде жеке өмір құпиясын сақтау құқығы (10-бап) ерекше мәнге ие. Цифрлық дәуір бұл құқыққа жаңа мазмұн бере отырып, оны баланың жеке деректерін рұқсатсыз жинау, өңдеу және тарату әрекеттерінен қорғауды да қамтитын кең аяда қарастыруды талап етеді.

Алайда 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚР «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңында (<https://adilet.zan.kz/kaz/>) кәметке толмағандардың жеке деректерін қорғауға қатысты арнайы нормалардың болмауы – құқықтық реттеу жүйесіндегі маңызды олқылықтардың бірі ретінде бағаланады.

Цифрлық кеңістікте баланың жеке деректері – тек ақпарат емес, оның болашағына әсер ететін маңызды фактор. Сондықтан бұл салада құқықтық тетік пен нақты кепілдіктердің жоқтығы баланың ақпараттық қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін.

Бала құқығы ретіндегі білім алуға қол жеткізу құқығы жасанды интеллектке негізделген білім беру технологияларының енгізілуімен жана сипатқа ие болуда.

Адаптивті оқыту жүйелері, автоматтандырылған бағалау құралдары мен прокторинг платформалары білім беру үдерісін дараландыруға мүмкіндік бергенімен, бұл жүйелер оқушылар туралы деректердің шамадан тыс жиналуына және алгоритмдік кемсітушілік қаупіне де жол ашуы мүмкін.

2021 жылы қабылданған Еуропа Кеңесінің (<https://rm.coe.int/>) балалардың деректерін қорғауға қатысты ұсынымдары мұндай технологияларды пайдалану барысында ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Цифрлық білім беру кеңістігінде баланың құқықтарын сақтау – тек техникалық емес, сонымен қатар құқықтық және этикалық міндет.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 62-бабында балаға өз мүддесіне қатысты барлық мәселелер бойынша еркін пікір білдіру құқығы бекітілген. Бұл – баланың өзі туралы қабылданатын шешімдерге қатысуын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық кепілдердің бірі.

Цифрлық кеңістіктегі қатысу жағдайында бұл норма ерекше мәнге ие: баланың онлайн-платформалардағы қатысуы, жеке деректерінің жариялануы немесе цифрлық құралдарды пайдалануына қатысты шешімдерде оның дауысы еленуі тиіс.

Бұл – жай ғана пікір айту құқығы емес, баланың жеке өмірі мен цифрлық болмысына қатысты жауапкершілікке бірлесе қатысу тетігі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар қызмет атқарады. Бұл соттар облыс орталықтарында орналасып, балалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне ерекше қорғау көрсетуге бағытталған.

Аталған соттардың жұмысы тек құқықтық іс жүргізумен шектелмейді – ол балалардың жағдайын кешенді қарастыруды көздейтін тәжірибемен ұштасады. Бұл бағыттағы қызмет ЮНИСЕФ-пен әріптестік аясында жүзеге асырылып, бала құқықтарын қорғау тәжірибесін жетілдіру мақсатын көздейді.

Осылайша, көмелетке толмағандардың құқықтық істері бойынша әділ сот төрелігі – тек заң қолдану ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғалық дамуын ескеретін, оның болашағына жауапкершілікпен қарайтын жүйе ретінде қалыптасуда.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 «Балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде соттардың заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысы сот практикасы үшін маңызды түсіндірмелерді қамтиды.

Атап айтқанда, осы қаулының 3-тармағына сәйкес (<https://adilet.zan.kz/>), баланы тәрбиелеуге қатысты дауларды қарау барысында соттар Бала құқықтары туралы конвенцияның 12-бабының ережелерін ескеруі тиіс. Бұл бап бойынша, бала – жасына қарамастан – өз мүддесіне қатысты барлық мәселелер бойынша еркін пікір білдіруге құқылы және кез келген сот немесе әкімшілік іс жүргізу барысында оның пікірі тыңдалуға тиіс.

Осы ұстаным баланың құқықтық субъект ретінде танылуын нығайтып, оның дауысы отбасы ішіндегі және қоғамдағы маңызды шешімдерге ықпал ете алатын тетікке айналуда.

Баланың құқықтары мен мүдделеріне қатысты сот істерінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қатысуы – міндетті талап болып табылады. Бұл органдар баланың жағдайын

жан-жақты бағалап, оның мүддесін қорғауға бағытталған ұсыныстар беру арқылы процесте маңызды рөл атқарады.

Сот практикасы барысында баланың құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда, соттар тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жеке ұйғарым шығару құқығына ие. Мұндай ұйғарымдар тек нақты істің аясында ғана емес, сонымен қатар жүйелі бұзушылықтарды болдырмауға бағытталған құқықтық тетік ретінде де қарастырылады.

Осы арқылы баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету ісінде сот пен мемлекеттік құрылымдардың өзара әрекеті тереңдей түседі.

Цифрлық ортада баланың құқықтарын сот тәртібімен қорғау бірнеше іс санаттары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, жеке деректердің құпиялығын сақтау мәселелеріне қатысты істер, сондай-ақ интернет кеңістігінде ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпараттың таралуына байланысты даулар. Сонымен қатар жасанды интеллект жүйелерін қолдану салдарынан келтірілген зиянды өтеуге қатысты істер де осы қатарда қарастырылады.

Алайда Қазақстанда балалардың цифрлық құқықтарының бұзылуына қатысты сот тәжірибесі әлі де қалыптасу кезеңінде. Мұның себебі – бұл құқықтық қатынастардың қоғам үшін тың құбылыс болуы ғана емес, сонымен бірге осы бағытта нақты құқықтық негіздердің, яғни арнайы заңнамалық актілердің болмауымен де байланысты (European Union Agency for Fundamental Rights, 2025).

Қазақстан Республикасында Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл институты 2016 жылғы 10 ақпандағы №192 Президент Жарлығына сәйкес құрылған. Бұл лауазымға тағайындау және қызметтен босату тәртібі мемлекет басшысының құзырында, ал уәкілдің қызметі тікелей ел Президентіне есеп беру арқылы жүзеге асады (<https://adilet.zan.kz/kaz>).

2023 жылғы 12 маусымнан бастап бұл қызметті Динара Закиева атқарып келеді.

Балалар құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілеттіктері «Бала құқықтары туралы» заңның 7-1-бабында айқын белгіленген. Уәкіл мемлекеттік органдар мен ұйымдарда балалардың құқықтарының сақталуына жүйелі түрде мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар ол балалардың құқықтары бұзылған жағдайлар бойынша келіп түсетін өтініштерді талдап, сол негізде қолданыстағы құқықтық нормаларды жетілдіруге ба-

ғытталған ұсыныстар әзірлеп, оларды Үкіметке жолдайды.

Уәкіл білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйесіне тиесілі мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға кедергісіз кіре алады, бұл өз кезегінде оның жұмысының ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

2024 жылдан бастап Қазақстанның барлық өңірлерінде Балалар құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер қызмет атқара бастады. Бұл бастама кәметке толмағандардың құқықтарын жергілікті деңгейде қорғау мүмкіндіктерін кеңейтіп, қоғамның әлеуметтік жауапкершілік тетіктерін аймақтық деңгейде нығайтуға ықпал етуде.

Сонымен қатар балалардың цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қорғауға қатысты уәкіл институтының өкілеттіктері қазіргі таңда нақтылауды қажет етеді. Цифрлық құқықтық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері ескерілген жағдайда ғана бұл салада тиімді құқықтық қорғау қамтамасыз етілуі мүмкін. Атап айтқанда, қазіргі кезде уәкілдерге цифрлық сервистер операторларынан ресми ақпарат сұратуға немесе жасанды интеллект жүйелерінің балалардың құқықтарына ықпалын бағалауға заңдық негізде құқық берілмеген.

Қазақстан Республикасы бала құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық жүйеге белсене қатыса отырып, Бала құқықтары туралы конвенция аясында қабылданған міндеттемелерді орындайды. Осы бағытта еліміз БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетіне мерзімді есептер ұсынып отырады.

Комитет өз тарапынан ұсынылған есептерді саралай отырып, ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар әзірлейді. Бұл ұсынымдар балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттарды тиімді іске асыруға мүмкіндік береді және ел ішіндегі құқықтық тетіктерді дамытудың маңызды бағдарларын айқындайды.

Цифрлық ортада балалардың құқықтарын қорғау ісінде ерекше маңызға ие құжаттардың бірі – БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитеті қабылдаған № 25 (2021) Жалпы тәртіптегі түсіндірме ескерту. Бұл құжат алғаш рет балалардың цифрлық технологиялар аясындағы құқықтарын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттердің міндеттемелерін жүйелі түрде қарастырады (Committee on the Rights of the Child, 2021).

Ерекше атап өтерлігі, аталған түсіндірмені әзірлеу барысында 28 елден 709 баланың пікірі

ескерілген. Осы арқылы құжат тек құқықтық бағдар ғана емес, сонымен қатар балалардың өз тәжірибесі мен көзқарасына негізделген өміршең ұсыныстар жиынтығына айналды. Ол цифрлық кеңістіктегі қатынастардың күрделілігін ескере отырып, балалардың мүдделерін қорғаудың заманауи жолдарын ұсынады.

№ 25 Жалпы тәртіптегі ескерту құжатында цифрлық кеңістікте баланың мүдделерін қорғау қағидатының маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Аталған қағида цифрлық технологияларды әзірлеу, реттеу және қолдану үдерістерінің барлығында басты назарда болуы тиіс.

Комитет мемлекеттерге бірқатар маңызды ұсынымдар береді. Атап айтқанда, цифрлық сервистерді ұсынатын коммерциялық құрылымдардан балалардың құқықтарына ықпалын бағалау тетіктерін енгізуді талап ету ұсынылады. Сонымен қатар жасты анықтау жүйелерінің тиімділігін қамтамасыз ету, жеке деректерді қорғауға бағытталған әдепкі параметрлерді орнату қажет.

Сондай-ақ балаларға коммерциялық мақсатта бейін жасау немесе жарнама бағыттау тәжірибелерін заңнамалық деңгейде шектеу ұсынылады. Бұл балалардың цифрлық кеңістікте қауіпсіз әрі еркін дамуына қажетті құқықтық негіз қалыптастыруға бағытталған.

Аймақтық деңгейде балалардың цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қорғау бағытында Еуропа Кеңесі белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл ұйым балалардың цифрлық ортада қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған нұсқаулықтар мен ұсынымдар әзірлеу арқылы мемлекеттерге практикалық бағдар береді.

2021 жылы қабылданған Білім беру саласындағы балалардың деректерін қорғау жөніндегі Министрлер комитетінің ұсынымдары осы саладағы мемлекеттердің нақты міндеттемелерін айқындайды. Бұл құжат білім беру үдерісінде цифрлық құралдарды қолдану барысында балалардың жеке деректерін қорғауға бағытталған құқықтық және техникалық шараларды нақтылап көрсетеді.

Сонымен қатар 2026 жылғы 19 қаңтарда Женевада өткен кездесуге қатысушылардың бірлескен мәлімдемесінде халықаралық қауымдастықтың балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ортақ ұстанымы тағы да расталды (<https://cadeproject.org/>). Бұл мәлімдеме түрлі елдердің осы саладағы ынтымақтастығын нығайтуға және ортақ жауапкершілік қағидатын бекемдеуге негіз болады.

Балалардың цифрлық кеңістіктегі белсенділігі олардың жеке деректерінің кең көлемде жиналуымен қатар жүреді. Бұл үдерісте жасанды интеллект жүйелері маңызды рөл атқарады – олар балалардың желідегі мінез-құлқын, қызығушылықтарын, әлеуметтік байланыстарын және орналасқан жерін талдауға бағытталған ақпараттарды өңдейді.

Мұндай деректердің негізінде әртүрлі цифрлық платформалар мазмұнды жекелеп ұсыну, жарнамаларды дәл бағыттау және автоматтандырылған шешімдер қабылдау тәрізді қызметтерді іске асырады. Алайда, бұл үдерістер балалардың жеке кеңістігі мен құқықтарын қорғауға қатысты күрделі сұрақтар туындатып, дербес деректермен жұмыс істеудің этикалық және құқықтық шектерін қайта қарауды талап етеді.

2013 жылғы 21 мамырда қабылданған «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жеке деректерді қорғаудың негізгі қағидаттарын айқындайды. Олардың қатарында деректерді жинау мен өңдеудің заңдылығы, мәліметтер көлемін барынша қысқарту, нақты мақсатқа бағытталған өңдеу және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптары бар.

Аталған заңнама жеке деректерді екі негізгі санатқа бөледі: жалпы қолжетімді және шектеулі қолжетімді деректер. Сонымен қатар, биометриялық деректер жеке, дербес санат ретінде ерекшеленіп көрсетіледі, бұл олардың ерекше құқықтық маңызын білдіреді.

Соған қарамастан, қолданыстағы заңда балаларға қатысты жеке деректерді қорғауға арналған арнайы нормалар қарастырылмаған. Бұл – халықаралық стандарттармен салыстырғанда айтарлықтай кемшілік, себебі көптеген елдерде балалардың жеке деректерін өңдеуге қатысты жекелеген құқықтық талаптар мен қосымша қорғаныс шаралары енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 8-бабында жеке деректерді жинау және өңдеу тек дерек субъектісінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылады. Кәмелетке толмаған тұлғалар үшін мұндай келісімді ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер беруі тиіс.

Алайда практикада бұл талаптың орындалуында бірқатар олқылықтар байқалады. Жас ерекшелігін тексеру және ата-аналық келісімді растау тетіктері көбіне формалды сипатқа ие немесе мүлде қолданылмайды. Осыған байла-

нысты балалар әлеуметтік желілерде өз бетінше тіркеліп, жасын дұрыс көрсетпестен, пайдаланушылық келісімдерге келісім береді. Бұл жағдай балалардың жеке деректерінің қорғалмауына және цифрлық кеңістікте құқықтарының әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

Зерттеу деректеріне сүйенсек, балалар түрлі веб-сайттарға үнемі кіріп, cookies файлдарын жинауға келісім береді, сондай-ақ жеке деректерді талап ететін өрістерді толтырады. Бұл әрекеттердің салдарын толық түсінбестен орындалатыны алаңдатарлық жайт болып отыр. Цифрлық қызметтерді қолдану барысында жеке ақпараттың қандай мақсатта және қалай өңделетініне қатысты баланың саналы түсінігі жиі қалыптаспайды.

Қазақстан заңнамасында дерек субъектісіне өз жеке деректерін өзгертуге, толықтыруға, дербестендіруді жасауға (жеке тұлғамен байланысын үзу), блоктауға және жоюға құқылы екені белгіленген. Алайда бұл құқықтар туралы балалардың хабардарлық деңгейі төмен. Көп жағдайда олар өздерінің осындай заңды мүмкіндіктерінің бар екенін білмейді және жеке деректерімен байланысты қауіптерді бағалай алмайды.

Қазақстан Республикасында жеке деректерді қорғауға жауапты уәкілетті орган – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті құрамындағы Жеке деректерді қорғау басқармасы. Бұл құрылым 2020 жылғы 25 маусымда құрылған және азаматтардан өтініштерді eOtinish электрондық жүйесі арқылы қабылдайды (<https://adilet.zan.kz/>).

Алайда, балалардың жеке деректеріне қатысты құқық бұзушылықтар бойынша түсетін өтініштер саны әлі де өте аз. Бұл жағдай халықтың, әсіресе ата-аналар мен заңды өкілдердің, осы қорғау тетігі жөнінде жеткілікті ақпаратқа ие еместігін көрсетеді. Мұндай хабарсыздық жеке деректерді қорғауға қатысты құқықтардың толыққанды іске аспауына себеп болуы мүмкін.

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «КиберҚалқан» атты білім беру бағдарламасы оқушылар арасында ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруды, жеке деректерді қорғау дағдыларын дамытуды және киберқауіптерді тану қабілетін арттыруды мақсат етеді. Бұл бағдарлама мектеп жасындағы балаларды цифрлық кеңістікте қауіпсіз әрекет етуге үйретуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып саналады (<https://adilet.zan.kz/>).

Дегенмен бағдарламаның қазіргі қамту деңгейі шектеулі – ол тек оқушылардың белгілі бір бөлігін ғана қамтиды. Осыған байланысты аталған жобаны кеңейту, оқыту мазмұнын жүйелеу және барлық білім беру мекемелерінде оны жүйелі түрде енгізу қажеттілігі туындайды. Бұл білім беру жүйесінде цифрлық қауіпсіздік дағдыларын орнықтырудың тиімді жолы болмақ.

Еуропалық Одақтың Жалпы деректерді қорғау регламенті (GDPR) ақпараттық қоғам қызметтерін пайдалану барысында балалардың келісім беру шарттарына арналған арнайы 8-бапты қамтиды. Аталған нормаға сәйкес, егер дербес деректерді өңдеу келісім негізінде жүзеге асырылса, мұндай келісім баланың жасы кемінде 16-да болған жағдайда заңды деп танылады.

Сонымен бірге мүше мемлекеттер бұл жас шегін өз ұлттық заңнамаларында төмендетуге құқылы, бірақ 13 жастан төмен болмауы тиіс. Бұл талап балалардың ақпараттық ортада жас ерекшеліктеріне сай қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған және келісім беру процесінің саналы әрі жауапты түрде орындалуын көздейді.

Егер баланың жасы белгіленген жас шегінен төмен болса, оның дербес деректерін өңдеу тек ата-аналық жауапкершілік жүгін көтеретін тұлғаның келісімі не мақұлдауы болған жағдайда ғана заңды саналады. Бұл ретте, деректерді бақылаушы тарап келісімнің шын мәнінде ата-аналық жауапкершілік иесі тарапынан берілгенін растау мақсатында ақылға қонымды әрекеттер жасауға міндетті. Мұндай талаптан тысқары саналатын жалғыз жағдай – балаға тікелей ұсынылатын алдын алу немесе кеңес беру сипатындағы қызметтер.

Еуропа Кеңесінің жеке тұлғаларды дербес деректердің автоматтандырылған өңделуінен қорғау туралы жаңартылған Конвенциясы (Конвенция 108+, 2018 ж.) деректерді қорғау саласында ерекше қажеттіліктері бар топтардың, соның ішінде балалардың мүдделерін қорғауды күшейтеді (<https://www.coe.int/>). Rouvroy мен Pouillet (2021) бұл құжаттың дәстүрлі деректер қауіпсіздігінен асып түсетінін және кәмелетке толмағандардың құқықтарына ықпал ететін алгоритмдік шешім қабылдау үдерістерін реттеуге негіз қалайтынын атап көрсетеді.

2024 жылғы 1 тамызда күшіне енген ЕО-ның Жасанды интеллект туралы регламенті (EU AI Act, Регламент 2024/1689) адамның жасына байланысты осалдықтарын пайдаланатын жасанды интеллект жүйелеріне тікелей тыйым салады (5-бап). Білім беру саласында қолданылатын бар-

лық жасанды интеллект жүйелері жоғары қауіп-қатер санатына жатқызылған (III-қосымша), бұл оларды ерекше бақылау мен ықпалын бағалауды қажет ететін жүйелер қатарына енгізеді. 5Rights қоры (2024) осындай жіктеудің өзге де құқықтық жүйелер үшін маңызды үлгі болатынын атап көрсетеді.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстан халықаралық стандарттарға сәйкес келуге ұмтылғанымен, әртүрлі құқықтық дәстүрлердің элементтерін қатар қолдануда. «Сорос-Қазақстан» қорының 2020 жылғы зерттеуінде деректерді қорғау жөніндегі ұлттық үлгінің еуропалық және посткеңестік тәсілдерді біріктіретіні атап өтілген. Мұндай үйлесім кейбір жағдайларда Жалпы деректерді қорғау регламентімен (GDPR) үйлестіру барысында қиындықтар туындатуы мүмкін.

2025 жылғы 17 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті «Жасанды интеллект туралы» № 230-VIII Заңға қол қойды. Құжат 2026 жылғы 18 қаңтарда күшіне енді. Бұл Заңның қабылдануына дейін 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы әзірленіп, 2024 жылғы 28 тамыздағы № 592 Үкімет қаулысымен мақұлданған болатын (<https://adilet.zan.kz/>).

Аталған Заң балалардың құқықтарын қорғауға қатысты бірқатар маңызды нормаларды қамтиды. Жасына, дене немесе психикалық ерекшеліктеріне байланысты адамның осал тұстарын пайдалануға негізделген жасанды интеллект жүйелерін қолдануға тыйым салынады. Сондай-ақ азаматтардың мінез-құлқына әсер етуге бағытталған манипуляциялық ЖИ жүйелерін пайдалану рұқсат етілмейді, бұл әсіресе балалар аудиториясына ықпал ету тұрғысынан айрықша маңызға ие. Білім беру ұйымдарында бақылау мақсатында эмоцияны өздігінен тануға арналған рұқсат етілмеген жүйелердің қолданылуына да тыйым салынған, бұл балаларды технологиялық араласулардан қорғауға бағытталған.

Заң жасанды интеллект көмегімен жасалған контентке арнайы таңбалау талаптарын белгілейді. Бұл ереже балаларды жалған ақпарат пен жасанды медиаматериалдардан (deepfake) қорғау тұрғысынан өзекті. Сонымен қатар, технологияларды үйлестіру мен қауіпсіз экожүйе қалыптастыру мақсатында Ұлттық жасанды интеллект платформасын құру қарастырылған.

Адамның бақылауы заңда іргелі қағида ретінде бекітілген: жүйелердің көмегімен қабылданған шешімдерге жауапкершілік адамға

жүктеледі. Адамның қатысуынсыз әрекет етіп, өмірге немесе денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін толық автономды жүйелерді жасауға тыйым салынады. Сонымен қатар бұл заң дербес деректер туралы заңнамамен үндестірілген, жасанды интеллект жүйелерін әзірлеу мен қолдану барысында деректерді өңдеуге қатысты нақты талаптар айқындалған.

Сонымен қатар аталған заңда балаларды қорғауға тікелей бағытталған арнайы ережелер қарастырылмаған. Бұл тұрғыда Еуропалық Одақтың жасанды интеллект жөніндегі Регламентімен салыстырғанда айырмашылық бар: ол құжаттың III қосымшасында білім беру саласындағы жасанды интеллект жүйелері жоғары қауіп тудыратындар қатарына жатқызылады. Бұдан өзге, жасанды интеллект жүйелерінің балалар құқығына тигізетін ықпалын міндетті түрде бағалау тәртібі де, жас ерекшелігін анықтауға қойылатын нақты талаптар да қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық стандарттар мен ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау үш негізгі зерттеу бағыты бойынша құрылымдалған бірқатар маңызды нәтижелерді айқындауға мүмкіндік берді.

*Бірінші бағыт: ұлттық заңнаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігі.*

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстанда бала құқықтарын қорғауға бағытталған құқықтық база кеңінен қалыптасқанымен, ол цифрлық дәуірдің жаңа сын-қатерлеріне толық бейімделе қойған жоқ. 2002 жылы қабылданған «Бала құқықтары туралы» заңға бірнеше рет өзгерістер енгізілгенімен, онда балалардың цифрлық кеңістіктегі құқықтары туралы арнайы нормалар қарастырылмаған. Мысалы, Жалпы деректерді қорғау регламентінің (GDPR) 8-бабында балалардың деректерін өңдеуге қатысты арнайы талаптар мен жас ерекшелігіне қарай сараланған шектер белгіленген. Ал Еуропалық Одақтың Жасанды интеллект жөніндегі регламентінде білім беру саласындағы барлық жасанды интеллект жүйелері жоғары қауіп деңгейіндегі жүйелер санатына жатқызылады.

Негізгі олқылықтардың бірі – 2013 жылғы «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңда кәмелетке толмағандарға қатысты арнайы нормалардың болмауы. GDPR ең төменгі цифрлық келісім жасын 16 жас деп белгілей отырып, оны 13 жасқа дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Ал қазақстандық заңнамада мұндай саралау қарастырылмаған. Іс жүзінде әрекет қабілеттілігі жоқ тұлғалар үшін заңды өкілінің келісімі талап

етіледі, дегенмен бұл келісімді цифрлық ортада тексеру тетіктері көзделмеген. Бұл тұжырым «Сорос-Қазақстан» қоры жүргізген бағалаумен үндес келеді: онда дербес деректерді қорғау саласындағы нормативтік реттеу мен нақты тәжірибе арасындағы алшақтық атап өтілген.

*Екінші бағыт: 2025 жылғы Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» заңының әлеуеті.*

«Жасанды интеллект туралы» заңның қабылдануы – отандық құқықтық жүйе үшін елеулі қадамдардың бірі болып табылады. Осы заңның нормаларын талдау оның бірқатар артықшылықтарын, сондай-ақ жетілдіруді қажет ететін тұстарын айқындады.

Артықшылықтардың қатарына жас ерекшеліктеріне байланысты осалдықтарды пайдаланатын жасанды интеллект жүйелеріне тыйым салынуын жатқызуға болады. Бұл норма балаларды манипулятивті технологиялардан құқықтық тұрғыда қорғаудың берік негізін қалайды. Сонымен қатар эмоцияны рұқсатсыз тануға тыйым салу – білім беру саласы үшін айрықша мәнге ие. Мұндай технологиялар оқушылардың іс-әрекетін бақылау мақсатында қолданылуы мүмкін. Ал жасанды интеллектпен жасалған контентке арнайы таңба қою талаптары балаларды жалған ақпарат пен дипфейктерден қорғауға ықпал етеді.

Сонымен қатар заңда балаларды қорғауға тікелей арналған арнайы нормалар жоқ. Мәселен, Еуропалық Одақтың Жасанды интеллект туралы регламентімен салыстырғанда, қазақстандық заң білім беру саласындағы жасанды интеллект жүйелерін жоғары қауіп дәрежесіне жатқызбайды және олардың жобалануы мен қолданылуына қатысты күшейтілген талаптарды белгілемейді. Сондай-ақ балалардың құқықтарына жасанды интеллект жүйелерінің ықпалын міндетті түрде бағалау (Children’s Rights Impact Assessment) тәртібі де қарастырылмаған. Бұл бағалау тәсілі Бала құқықтары жөніндегі комитеттің №25 Жалпы түсіндірмесінде ұсынылған.

Адамның бақылауы қағидаты жалпы жауапкершілік шеңберін қалыптастырғанымен, ол бұл қағиданың балаларға арналған білім беру және ойын-сауық жүйелерінде нақты қалай іске асырылуы керектігін егжей-тегжейлі реттемейді. Бұл тұрғыда Mahomed, Veale және Binns (2025) жасанды интеллектті бақылау тетіктері қолданылатын топтың осалдығына қарай сараланған тәсілді қажет ететінін орынды атап өткен.

*Үшінші бағыт: институционалдық тетіктер және олардың бейімделуі.*

Қазақстандағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты балалардың цифрлық құқықтарын мониторингтеуге айтарлықтай әлеуетке ие. Алайда бұл саладағы өкілеттіктері заңнамалық тұрғыда кеңейтілуі қажет. 2024 жылдан бастап өңірлік уәкілдер желісінің кеңейіп жергілікті деңгейдегі құқық бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік береді, дегенмен бұл бағытта цифрлық технологиялар саласында арнайы даярланған мамандардың болуы аса маңызды.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттарды қамтитын сот жүйесі, теориялық тұрғыда, балалардың цифрлық құқықтарын қорғауға қабілетті. Алайда бұл санаттағы істер бойынша қалыптасқан сот тәжірибесі жоққа тән. 2018 жылғы Жоғарғы Соттың №15 нормативтік қаулысы негізінен отбасылық дауларға бағытталған және цифрлық құқықтық қатынастардың ерекшелігін ескермейді.

2020 жылы құрылған Жеке деректерді қорғау жөніндегі басқарма Еуропа елдеріндегі деректерді қорғау органдарына ұқсас қызметтер атқарады. Дегенмен оның құрылымында балалардың деректерін қорғауға арналған арнайы бөлімше қарастырылмаған.

Аталған зерттеу нәтижелері Charisi және әріптестері (2022) ұсынған тәсілмен үндеседі. Олар бала құқығы, жасанды интеллект этикасы және цифрлық реттеуді біріктіретін кешенді күн тәртібінің қажеттілігін негіздейді.

Жүргізілген талдау негізінде мынадай бес нақты ұсынысты тұжырымдауға болады:

*Бірінші ұсыныс.* 2013 жылғы «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңға кәмелетке толмағандардың дербес деректерін қорғауға арналған арнайы бап енгізу ұсынылады. Онда цифрлық келісім жасын 14 жас деңгейінде белгілеу қажет (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне сәйкес бұл жас – ішінара әрекет қабілеттілігі шегіне сәйкес келеді). Сонымен қатар, белгіленген жасқа жетпеген тұлғалар үшін ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімін алу және пайдаланушы жасын тексеру жөніндегі операторлардың міндеттері заңмен нақты айқындалуы тиіс.

*Екінші ұсыныс.* «Жасанды интеллект туралы» заңға білім беру саласындағы жасанды интеллект жүйелерін жоғары қауіп тобына жатқызатын нормалар енгізу қажет. Бұл ұсыныс Еуропалық Одақтың Жасанды интеллект жөніндегі Регламентінің III қосымшасындағы тә-

жірибеге негізделеді. Мұндай жүйелерді енгізер алдында балалар құқықтарына әсерін бағалау тәртібін міндеттеу ұсынылады.

*Үшінші ұсыныс.* Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің цифрлық құқықтарды мониторингтеу саласындағы өкілеттіктерін кеңейту қажет. Атап айтқанда, цифрлық сервистер операторларынан ақпарат сұрату, жасанды интеллект жүйелерінің балаларға ықпалын бағалау және тиісті ұсынымдар енгізу құқығы берілуі тиіс. Бұл ұсынымдар міндетті түрде қаралуы тиіс.

*Төртінші ұсыныс.* Кәмелетке толмағандармен өзара әрекеттесетін жасанды интеллект жүйелеріне қойылатын талаптарды нақтылайтын қосымша нормативтік актілер әзірлеу ұсынылады. Атап айтқанда, балаларға арналған цифрлық өнімдер үшін «privacy by design» және «rights by design» қағидаттарына негізделген стандарттар енгізілуі керек<sup>10</sup>.

*Бесінші ұсыныс.* Цифрлық сауаттылықты дамыту бағдарламаларын мектеп бағдарламасына жүйелі түрде біріктіру қажет. Бұл бағытта «КиберҚалқан» жобасының ауқымын кеңейтіп, оған жасанды интеллект, алгоритмдік бейін жасау және дербес деректерді қорғау тақырыптарын қамтитын оқу модульдерін қосу ұсынылады.

## Қорытынды

Жүргізілген зерттеу негізінде мынадай тұйынді тұжырымдар жасауға болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында баланың құқықтық мәртебесі – оның өз алдына құқық субъектісі ретінде танылуымен сипатталады. Балалар кең ауқымды құқықтар мен бостандықтарға ие болғанымен, олардың әрекет қабілеттігі жас ерекшелігіне қарай шектеледі. Бұл модель дәстүрлі құқықтық қатынастарда тиімді болғанымен, цифрлық орта жағдайында өзекті қайта қарауды қажет етеді. Қазіргі таңда балалар әлеуметтік желілерге тіркелу, жеке деректерін өңдеуге келісім беру сынды құқықтық маңызы бар әрекеттерді жүзеге асырып отыр, алайда мұндай әрекеттерге қатысты реттеу әлі де жеткіліксіз.

Баланың құқықтарын қорғауға бағытталған институционалдық тетіктерге кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттар жүйесі, ұлттық және өңірлік деңгейдегі бала құқықтары жөніндегі уәкілдер институты, қорғаншылық және қамқоршылық органдары, сондай-ақ халықаралық бақылау тетіктеріне қатысу жатады. Дегенмен, осы құрылымдардың

балалардың цифрлық құқықтары саласындағы құзыреті нақтылауды және кеңейтуді талап етеді. Ал бұл бағыттағы сот практикасы қалыптасу сатысында ғана тұр.

2025 жылғы 17 қарашада қабылданған «Жасанды интеллект туралы» заң – цифрлық технологияларды құқықтық тұрғыда реттеуге жасалған маңызды қадам. Бұл заңда жас ерекшелігіне байланысты осалдықтарды пайдалануға, азаматтардың мінез-құлқына ықпал етуге және эмоцияларды рұқсатсыз тануға тыйым салу нормалары көзделген. Мұндай нормалар балаларды қорғау саласында тікелей мәнге ие. Алайда олардың нақты қолданылуы заңға тәуелді актілердің сапасына және құқық қолдану тәжірибесіне байланысты болмақ.

Дегенмен, 2013 жылғы «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңда кәмелетке толмағандардың дербес деректерін қорғауға арналған арнайы нормалардың болмауы – басты мәселелердің бірі. Бұл тұрғыда халықаралық стандарттар – әсіресе GDPR және Бала құқықтары жөніндегі комитеттің №25 Жалпы түсіндірмесі – негізінде тиісті өзгерістер енгізу – аса маңызды және басымдық берілетін бағыт болып табылады.

Жасанды интеллект дәуірінде баланың құқықтарын қорғау кешенді тәсілді талап етеді.

Бұл тәсіл заңнаманы жетілдіруді, институционалдық тетіктерді дамыту мен нақтылауды, балалардың цифрлық сауаттылығын арттыруды және цифрлық қызметтер операторларының жауапкершілігін қамтамасыз етуді қамтуы тиіс. Қазақстан Республикасы жасанды интеллект туралы әлемдегі ең озық заңдардың біріне ие бола отырып, балалардың цифрлық құқықтарын қорғау саласында өңірлік көшбасшы болуға ерекше мүмкіндікке ие. Алдағы заңнамалық қадамдар қоғамның ең осал мүшелерінің құқықтарын сақтай отырып, инновациялық даму мен құқықтық қауіпсіздік арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

### Авторлардың үлесі

*А.К. Есенғазиева – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу әдіснаманы қалыптастыру; ғылыми жетекшілік; жобаны үйлестіру; мәтінді редакциялау және рецензиялау. С.Е. Ермұхаметова – формалды талдау; зерттеу жүргізу нәтижелерді валидациялау; бастапқы мәтінді дайындау; хат-хабар жүргізу. А.Р. Құттығалиева – деректерді жинау және өңдеу; зерттеу жүргізу, визуализация; бастапқы нұсқаны дайындауға қатысу.*

### Әдебиеттер

Ayalew, Y. E., Verdoodt, V., & Lievens, E. (2024). General Comment No. 25 on children's rights in relation to the digital environment: implications for children's right to privacy and data protection in Africa. *Human Rights Law Review*, 24(3), Article ngae018. <https://doi.org/10.1093/hrlr/ngae018>

Bogatyreva, L., Taitorina, B., & Abdukarimova, Z. (2019). The implementation of the convention on the rights of the child to legal system of the Republic of Kazakhstan. *International Relations and International Law Journal*, 88(4), 36–44. <https://doi.org/10.26577/IRILJ.2019.v88.i4.05>

Charisi, V., Chaudron, S., Di Gioia, R., Vuorikari, R., Escobar Planas, M., Sanchez Martin, J.I. and Gomez Gutierrez, E., Artificial Intelligence and the Rights of the Child : Towards an Integrated Agenda for Research and Policy, EUR 31048 EN, Publications Office of the European Union, Luxembourg, 2022, ISBN 978-92-76-51837-2, doi: <https://dx.doi.org/10.2760/012329, JRC127564>.

Committee on the Rights of the Child. (2021). General comment No. 25 (2021) on children's rights in relation to the digital environment (CRC/C/GC/25). United Nations. [Электрондық ресурс]. URL: <https://digitallibrary.un.org/record/3906061> (жүгінген күні: 30.01.2026).

Convention for the Protection of Individuals with regard to Automatic Processing of Personal Data (Convention 108+), Council of Europe, 2018. [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.coe.int/en/web/data-protection/convention108-and-protocol> (жүгінген күні: 31.01.2026).

Council of Europe. (2021). Guidelines on children's data protection in an education setting. [Электрондық ресурс]. URL: <https://rm.coe.int/prems-001721-gbr-2051-convention-108-txt-a5-web-web-9-/1680a9c562> (жүгінген күні: 28.01.2026).

Dautbayeva-Mukhtarova, A. (2019). Право на жизнь в казахстанском гражданском праве. *Journal of Actual Problems of Jurisprudence*, 67(3), 92–98. извлечено от <https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/article/view/1920>

Digital Rights Foundation. (2024). Персональные данные ребенка: общедоступные и ограниченные. URL: <https://drfl.kz/ru/childs-personal-data/>

European Union Agency for Fundamental Rights. (2025). Assessing High-risk AI: A Fundamental Rights Approach. [Электрондық ресурс]. URL: <https://fra.europa.eu/en/publication/2025/assessing-high-risk-ai> (жүгінген күні: 26.01.2026).

Joint statement on children's safety in the digital environment, Geneva, 19 January 2026. [Электрондық ресурc]. URL: <https://cadeoproject.org/updates/a-group-of-united-nations-bodies-and-international-organisations-un-bodies-issue-joint-statement-on-ai-and-childrens-rights/> (жүгінген күні: 30.01.2026).

Lievens, E., Livingstone, S., McLaughlin, S., O'Neill, B., & Verdoodt, V. (2018). Children's rights and digital technologies. In U. Kilkelly & L. Ton (Eds.), *International human rights of children* (pp. 1–27). [https://doi.org/10.1007/978-981-10-3182-3\\_16-1](https://doi.org/10.1007/978-981-10-3182-3_16-1)

Mahomed, S., Veale, M., & Binns, R. (2025). Artificial Intelligence, Children's Rights and Wellbeing: Towards Transnational Governance Frameworks. The Alan Turing Institute. URL: [https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract\\_id=5796102](https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=5796102)

Regulation (EU) 2016/679 of the European Parliament and of the Council of 27 April 2016 on the protection of natural persons with regard to the processing of personal data (GDPR). [Электрондық ресурc]. URL: <https://gdpr-info.eu/> (жүгінген күні: 31.01.2026).

Soros Foundation Kazakhstan. (2020). Защита персональных данных в Казахстане. [Электрондық ресурc]. URL: [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2020/04/Personal\\_data\\_report.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2020/04/Personal_data_report.pdf) (жүгінген күні: 28.01.2026).

UNICEF. (2025). Policy guidance on AI for children (Version 3.0). UNICEF Office of Research – Innocenti. URL: <https://www.unicef.org/innocenti/projects/ai-for-children> (жүгінген күні: 26.01.2026)

Wang, G., Zhao, J., Van Kleek, M., & Shadbolt, N. (2022). Informing Age-Appropriate AI: Examining Principles and Practices of AI for Children. Proceedings of the 2022 CHI Conference on Human Factors in Computing Systems. ACM. URL: <https://dl.acm.org/doi/fullHtml/10.1145/3491102.3502057>

World Economic Forum. (2022). Artificial Intelligence for Children: An Accompanying Framework and Toolkit. [Электрондық ресурc]. URL: [https://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Artificial\\_Intelligence\\_for\\_Children\\_2022.pdf](https://www3.weforum.org/docs/WEF_Artificial_Intelligence_for_Children_2022.pdf) (жүгінген күні: 26.01.2026).

5Rights Foundation. (2024). The AI Act and Children's Online Experience. [Электрондық ресурc]. URL: <https://5rightsfoundation.com/> (жүгінген күні: 26.01.2026).

Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. [Электрондық ресурc]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_) (жүгінген күні: 28.01.2026).

Дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094> (жүгінген күні: 28.01.2026).

Дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 395/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 қазанда № 21498 болып тіркелді. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021498> (жүгінген күні: 30.01.2026).

Жасанды интеллект туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230> (жүгінген күні: 26.01.2026).

Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592> (жүгінген күні: 31.01.2026).

Жекшенова, Н. (2024). Цифровая безопасность детей: как защитить личные данные? Digital Rights Foundation. [Электрондық ресурc]. URL: <https://drfl.kz/ru/digital-safety-of-children/> (жүгінген күні: 28.01.2026).

Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000407> (жүгінген күні: 31.01.2026).

Конвенция о правах ребенка. Принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи ООН от 20 ноября 1989 г. URL: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/convention-rights-child>

Конвенция о правах ребенка. *Принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи от 20 ноября 1989 года.* [Электрондық ресурc]. URL: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/childcon.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml) (жүгінген күні: 28.01.2026).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми сайты. Балалардың құқықтарын қорғау. [Электрондық ресурc]. URL: <https://sud.gov.kz/rus/content/zashchita-prav-detey> (жүгінген күні: 30.01.2026).

Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 192 Жарлығы. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000192> (жүгінген күні: 30.01.2026).

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. [Электрондық ресурc]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_) (жүгінген күні: 26.01.2026).

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII. [Электрондық ресурc]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_) (жүгінген күні: 28.01.2026).

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (жүгінген күні: 30.01.2026).

Основные права несовершеннолетних детей. Вестник КАСУ. URL: <https://www.vestnik-kafu.info/journal/7/240/>

Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000015S> (жүгінген күні: 30.01.2026).

**Авторлар туралы мәлімет:**

Есенғазиева Айнұр Калимовна (хат-хабарларға жауапты автор) – заң ғылымдарының магистрі, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Құқық» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы. (Орал, Қазақстан, Esengazievaa@mail.ru).

Ермұхамбетова Сәулегүл Раймовна – заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор ассистенті (Алматы, Қазақстан, saulehan11r@mail.ru).

Құттығалиева Анархан Раймовна – PhD докторы, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы (Талдықорған, Қазақстан, Anarhan\_8112@mail.ru).

**Information about authors:**

Yessengaziyeva Ainur Kalimovna (Corresponding author) – Master of Legal Sciences, Senior Lecturer of the «Law» Educational Program at M. Utemisov West Kazakhstan University (Uralsk, Kazakhstan, Esengazievaa@mail.ru).

Yermukhametova Saulegul Raimovna – Candidate of Legal Sciences, Assistant Professor at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, saulehan11r@mail.ru).

Kuttygaliyeva Anarkhan Raimovna – PhD, Senior Lecturer of the Department of Legal Disciplines Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov (Taldyqorgha, Kazakhstan, Anarhan\_8112@mail.ru).

**Сведения об авторах:**

Есенғазиева Айнұр Калимовна (автор для корреспонденции) – магистр юридических наук, старший преподаватель образовательной программы «Право» Западно-Казакстанского университета имени М. Утемисова (Уральск, Казахстан, e-mail: Esengazievaa@mail.ru).

Ермухаметова Саулегүл Раймовна – кандидат юридических наук, ассистент профессора Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: saulehan11r@mail.ru).

Құттығалиева Анархан Раймовна – доктор PhD, старший преподаватель кафедры правовых дисциплин Жетісуского университета имени Ильяса Жансүгурова (Талдықорған, Казахстан, e-mail: Anarhan\_8112@mail.ru).

Тіркелді: 01.02.2026  
Қабылданды: 20.03.2026